


**2021 жылғы сәуірдегі
іскерлік белсенділік индексі туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың
түсіндірмесі**

Бағалау нәтижелері бойынша, іскерлік белсенділік индексі сәуірде аздап баяулап, 50,5 (наурызда – 50,6) болды.

Бұған қызмет көрсету секторындағы көрсеткіштің 50,7-ге дейін төмендеуі әсер етті (наурызда – 51,2). Сонымен қатар құрылыс пен өнеркәсіптегі көрсеткіштер, тиісінше, 48,0-ге (наурызда – 46,5) және 50,4-ке (наурызда – 50,2) дейін көтерілді.



Өңірлер бойынша, сәуірде 10 облыста іскерлік белсенділік жақсарып, 7 өңірде нашарлағаны байқалды. Іскерлік белсенділіктің неғұрлым жоғары деңгейі – Солтүстік Қазақстан облысында (58,2) және Нұр-Сұлтан қаласында (56,0), неғұрлым төмен деңгейі – Түркістан облысында (36,5) байқалды.

2021 жылы сәуірде респонденттер елде бизнес жүргізу ісінің жақсарғанын атап өтті. **Қазіргі бизнес жағдайларын** бағалау жөніндегі жауаптар теңгерімі 3,7 (наурызда – 1,5) болды. Кәсіпорындардың пікірінше, өнімге/қызметке, коммуникация мен несиеге қол жеткізуге **сұраныс жақсарды**, ал салық жүктемесі теріс бағаланды.

Кәсіпорындардың алдағы 6 айда болашақ бизнес жағдайларына қатысты оптимизмі жоғарылады: **болашақ жағдайларды** бағалау **20,1** (наурызда – 18,6) болды. Нәтижесінде экономика бойынша **бизнес ахуалы индексі** жақсарып, **11,8** (наурызда – 9,9) болды.

2021 жылы сәуірде сауалнамаға 458 кәсіпорын қатысты: құрылыста – 67, өнеркәсіпте – 172, қызметтерде – 219.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>